

"Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 21-2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 қазандағы N 6-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 қарашада N 3923 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 21-2 "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2610 2014 жылғы 13 наурызда тіркелген және 2014 жылғы 29 наурызда "Ақжарские вести" № 1 газетінде және 2014 жылғы 29 наурызда "Нұрлы Ел" № 12 газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *М. Жұмабаев*

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаттың хатшысы *А. Хоршат*